

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 26 қараша N 1193. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1820 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 8 маусымдағы N 1218 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1993 ж., N 19, 234-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының Төрағасына:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының құзыры шеңберінде барлық министрліктер, ведомстволар, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан ұйымдар мен кәсіпорындардың, облыстардың (қалалардың) әкімдері міндетті түрде орындауға тиісті, оның ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резерв қорын төтенше жағдайларды қаржыландыру мәселесіне байланысты (Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің келісімімен) пайдалану жөніндегі өкімдерге қол қою құқығы берілсін.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясы төрағаларының лауазымына кандидатураларды қарағанда онымен келісілетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшелеріне Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының Төрағасы бекіткен функционалдық міндеттерінің шегінде ведомстволық жағынан қарасты ұйымдар мен кәсіпорындар орындауға міндетті шешімдер қабылдау құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорының құрамында төтенше жағдайларға байланысты проблемаларды шешу ісіне тартылған сарапшылардың, басқа да мамандардың еңбегіне ақы төлеу

қызметін қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету, табиғи зілзала, авариялар мен апаттар кезінде ізгілік көмек көрсету үшін резерв болуы көзделсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшелері мен аппаратын республика аумағында қатынайтын көлік түрлерінің нысанына және кімнің иелігінде екеніне қарамастан басымдықпен кедергісіз жүріп-тұруына құқық беретін куәліктермен (омыраулық белгілермен) қамтамасыз етсін.

5. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүшелері мен бөлім меңгерушілеріне қоса оның аппаратының басшы қызметкерлеріне тәуліктің қай мезгілінде болсын қызмет бабында автокөлік шақыру құқығы берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Іс басқармасы Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының басшылығын және оның аппаратын есептеу және бейнетехника, үкіметтік және халықаралық байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

7. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері облыстық және қалалық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың өкілеттілігін кеңейту, мәртебесін көтеру туралы шешімдер қабылдасын.

Облыстық (қалалық) төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссия төрағаларына тиісті әкімдер орынбасарларының мәртебесін белгілеу және әкімдердің аппараттарында төтенше жағдайлар мәселелері бойынша штатты қызметкерлер лауазымын енгізу ұсынылсын.

8. Министрліктер, ведомстволар, концерндер, компаниялар меншік нысандарына қарамастан бір ай мерзімде төтенше жағдайлар жөнінде комиссиялар құрып, олар жөнінде ережелер дайындап бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі